



МҰРАТ- ҚАЗАЛЫ

№66
(2444)
Сенбі
29 тамыз
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ БОЛЖАМЫ МЕН ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте 2027-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және «2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасы, сондай-ақ, жылыту маусымына дайындық барысы қаралды.

Жиынға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысты.

Бұдан кейін аудан әкімі аппарат мәжілісін өткізіп, тиісті сала басшыларымен бірге күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты талқылады.

-2027 жылға арналған аудан бюджетінің жалпы көлемі 9 млрд. 111,1 млн. теңге көлемінде жоспарлануда. 2028 жылға 9 млрд. 382,4 млн. теңге және 2029 жылға аудан бюджетінің көлемі 9 млрд. 382,4 млн. теңге көлемінде жоспарланып отыр. Бұл көрсеткіштер ауданымыздың алдағы жылдардағы қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, жергілікті кіріс бөлігін ұлғайтуға және әлеуметтік-экономикалық міндеттерін кезең-кезеңімен іске асыруға бағытталатын болады.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту және әлеуметтік нысандардың құрылысын жүргізу үшін 2026-

2027 жылдарға құны 36,1 млрд. теңгені құрайтын 45 жоба облыстық экономика және қаржы басқармасына қаржыландыруға ұсынылды. Бұдан бөлек, құны 5,9 млрд. теңгені құрайтын 5 жоба бойынша жоба сметалық құжаттары әзірленуде. Бұл ұсынылған жобаларды қаржыландыру үшін тиісті жұмыстарды атқаруымыз қажет, - деді аудан басшысы.

Мәжілісте аудан әкімі жергілікті кірістерді арттыру, инвестиция тарту, экономиканың нақты секторын дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу бағытындағы жоспарланған жұмыстарды атап өтті. Сонымен қатар, инженерлік инфрақұрылым мен әлеуметтік нысандарды дамытуға ұсынылған жобаларды қаржыландыру, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс және сауда салаларындағы өсімді қамтамасыз ету мәселелеріне назар аударды. Осы ретте, тиісті сала басшыларына аудан экономикасының даму қарқынына тікелей әсер ететін барлық көрсеткіштерді тұрақты бақылауда ұстау керектігін ескертті.

Мәжілістің күн тәртібінде 2026-2027 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық барысы да қаралды. Өткен



жылу беру маусымына аудан бойынша 17 мың тонна қатты отын қажеттілігі жоспарланған. Алайда, тұрғын үйлердің көгілдір отынға көптеп көшуіне байланысты 14,2 тонна қатты отын жеткізілді. Алдағы 2026-2027 жылғы жылу беру маусымына аудан бойынша 11 мың тонна қатты отын және 1,9 мың тонна сұйық отын қажеттілігі жоспарланып отыр.

Аудан басшысы білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және әлеуметтік нысандардың жылу маусымына дайындығын толық аяқтау, қажетті отын қорын қалыптастыру және инженерлік-коммуналдық жүйелердің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуде жауапты

сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Мәжілісте «Қылмыссыз өңір – кемел келешек кепілі» жобасы аясында құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар талқыланды.

Сондай-ақ, елді мекендердегі санитарлық тазалық пен абаттандыру мәселесі көтеріліп, анықталған кемшіліктерді қысқа мерзімде жою жөнінде жауапты тұлғаларға тапсырмалар берілді.

Аудан әкімі барлық бағыт бойынша белгіленген міндеттердің уақытылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етуді жауапты басшыларға тапсырды.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов кезекті жеке қабылдау өткізіп, аудан тұрғындарының өтініштері мен ұсыныстарын тыңдады.

Қабылдауға келген 18 тұрғын өздерін толғандырған мәселелерін аудан басшысына жеке-жеке жеткізді. Тұрғындар тарапынан негізінен тұрақты және қоғамдық жұмысқа орналасу, тұрғын үй кезегі, Әйтеке би кентіндегі бірқатар көшелердің инфрақұрылымына қатысты мәселелер көтерілді.

Қабылдауда жұмыссыздық мәселесін көтерген тұрғындарға,

аудан бойынша қазіргі таңдағы бос жұмыс орындарын ұсына отырып, «Мансап» орталығы арқылы мамандықтарына сәйкес сұраныс болған жағдайда тиісті жұмыс орындарына кезектілікпен жіберілетіндігі түсіндірілді.

Ал білім беру ұйымдарына мамандарды жұмысқа қабылдауды немесе орналастыруды тікелей дербес мектепбасшылығы арқылы жүзеге асырылатындығы және білім беру ұйымдарымен pobd.iac.kz сайтына немесе білім беру ұйымдарының әлеуметтік желідегі парақшасына

педагогтік бос қызметіне конкурс жарияланған жағдайда, конкурсқа қатысуға құқылы екендігі түсіндірілді.

Аудан әкімі көшелерге асфальт төсеу, түнгі жарықтандыру жүйесін жетілдіру, жарықшамдар орнату жөніндегі тұрғындар ұсыныстарына сәйкес бұл бағыттағы жұмыстар белгіленген кезектілікпен жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүргізілетінін айтып, жауапты сала басшыларына көтерілген мәселелерді зерделеуді тапсырды.

Қабылдауда Әйтеке би

кентіндегі Әуезов көшесінің тұрғынының үйіне кіреберіс жолын ретке келтіру мәселесі бойынша Әйтеке би кенті әкімінің міндетін атқарушы мен аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына жауапты басшыға бүгін барып, жағдайды зерделеп, мәселені шешуді тапсырды.

Әрбір азаматтың өтінішін мұқият тыңдаған аудан басшысы басқа да көтерілген мәселелер жөнінде тиісті түсініктемелер беріп, жауапты басшыларға нақты тапсырмалар жүктеді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ХАЛЫҚҚА ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАҚСАРТЫЛАДЫ

Қазалы ауданында аудан әкімдігі мен Қызылорда облыстық адвокаттар алқасы арасында халыққа құқықтық қызмет көрсету мәселелері бойынша ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл туралы меморандумға қол қойылды.

Жиынға аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Алиев, Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының төрағасы Мейірбек Даубалаев, төраға орынбасары Шадиар Наркешбаев, төралқа мүшелері: Бижан Иманғалиев пен Хасенхан Үсейінов, сондай-ақ, құқық қорғау органдарының өкілдері, мемлекеттік мекеме басшылары, медиаторлар және тиісті сала мамандары қатысты.

Кездесуде Мемлекет басшысы айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыру, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру, азаматтарға көрсетілетін құқықтық көмектің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелері сөз болды.

Қол қойылған меморандум аясында тараптар аудан

тұрғындарына құқықтық кеңес беру және көмек көрсету бағытындағы бірлескен жұмыстарды жақсартуды көздейді. Бұл өз кезегінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, туындаған мәселелерді жедел шешуге және тұрғындардың құқықтық мәселелер бойынша қажетті мамандарға қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде Қазалы ауданында 4 адвокат кәсіби қызмет атқарып, тұрғындарға құқықтық көмек көрсетуде. Сонымен қатар, ауданда Билер кеңесі мен кәсіби және кәсіби емес медиаторлар дауларды сотқа жеткізбей, өзара келісім арқылы шешу және қоғамдық келісімді нығайту бағытында жұмыстар жүргізіп келеді.

Аталған меморандум – халыққа құқықтық қызмет көрсетуді жетілдіруге, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға және қоғамда заңдылық пен құқықтық тәртіпті одан әрі нығайтуға бағытталған маңызды қадам.



КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Алиевтің төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Комиссия отырысында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы өзекті мәселелер қаралды.

Алғашқы мәселе бойынша аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Ғанибек Құрманалиев баяндама жасап, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуда атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттерге тоқталды. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарындағы профилатикалық жұмыстардың тиімділігі, құқық бұзушылыққа бейім жасөспірімдермен жеке жұмыс жүргізу және ата-аналардың жауапкершілігін арттыру мәселелері талқыланды.

Отырыстың екінші кезеңі Қазалы қаласындағы жастар мен жасөспірімдер

арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға арналды.

Қазалы қаласының жастар ресурстық орталығының директоры Нұрболат Төлеш атқарылған жұмыстар мен алдағы кезеңге жоспарланған шаралар туралы хабарлама жасады.

Комиссия мүшелері қаралған мәселелер бойынша ұсыныстарын білдіріп, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру, профилактикалық шараларды күшейту және жауапты мекемелердің өзара іс-қимылын арттыру жөнінде тиісті шешімдер қабылдады.

Жасөспірімдердің құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету – баршаға ортақ жауапкершілік екенін айтқан комиссия төрағасы Жәнібек Алмасұлы осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын табуы керектігін айтып, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 26 тамыздағы «Қазалы ауданының «Аранды» және «Құмжиек» ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы» №АСК-74/755 санды қаулысы негізінде Қазалы ауданының «Аранды» және «Құмжиек» ауылдық округтері бойынша сайлау учаскелерінің орналасқан мекен-жайы мен шекаралары туралы төмендегідей мәліметтер беріледі.

Мемлекеттік тіркеу № 225763
2026 жылғы 2 маусым

2026 жылғы 21 мамыр

№3

Сайлау учаскелерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 23-бабына және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:
1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері құрылсын.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қазалы ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау «Қазалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Р.Тілепке жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі

А. Есмаханов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясымен
21.05.2026 жыл

Қазалы ауданы әкімінің
2026 жылғы 21 мамырдағы
№ 3 шешіміне 1-қосымша

Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері

№	Әкімшілік аумақ	Сайлау учаскесінің нөмірі және мекен-жайы	Шекаралары
1	«Аранды» ауылдық округі	№72 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№97 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, «Аранды» ауылдық округі, «Аранды» ауылы, Нұртаза Қазақбайұлы көшесі №2-А	«Аранды» ауылдық округінің «Аранды» ауылы.
2	«Аранды» ауылдық округі	№73 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№25 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, «Аранды» ауылдық округі, Қожабақы ауылы, Бейбітшілік көшесі №7	«Аранды» ауылдық округінің Қожабақы ауылы.
3	«Құмжиек» ауылдық округі	№81 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Қ.Күлетов атындағы №92 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, «Құмжиек» ауылдық округі, Қашақбай Пірімов ауылы, Төреқұл Ақжігітов көшесі №67-А	«Құмжиек» ауылдық округінің Қашақбай Пірімов ауылы, Қарақұмдағы малшы қоныстары: Майлыбай, Медірет, Бармас, Қарақұла, Асуқара, Ақжан, Жаубасар, Нарымбет, Көккөз, Қожақазған, Әйтiмбет, Дәстiрел, Қияқтыбас, Аққұдық, Қызылқұмдағы малшы қоныстары: Бәймен, Мәдениет, Өтебас, Лаубай, Ақтамшық, Көне Құмжиек, Қаратүбек, Балықшы, Қошқарбек, Атымтай, Мортық, Тапа елді мекені, Қарағайлы, Аралмола, Тапа-1, Тапа-2, Киікші-1, Киікші-2, Итішпес, Төртқұдық, Қартелі, Ақай-1, Ақай-2, Орысбай, Жанкеш учаскелері және Қасқырсөкқан малшы қоныстары.

ВНИМАНИЮ ИЗБИРАТЕЛЕЙ!

На основании постановления территориальной избирательной комиссии Казалинского района от 26 августа 2026 года №АСК-74/755 «О назначении выборов акимов сельского округ Аранды и Кумжиек Казалинского района» представляются следующие сведения о местонахождении и границах избирательных участков по Арандинскому и Кумжиекскому сельским округам Казалинского района.

Гос. регистр № 225763
2 июня 2026 года

№3

от 21 мая 2026 года

Об образовании избирательных участков

В соответствии со статьей 23 Конституционного Закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах в Республике Казахстан» и статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах» РЕШИЛ:
1. Образовать избирательные участки по Казалинскому району согласно приложению 1 к настоящему решению.
2. Признать утратившими силу некоторые решения акима Казалинского района по перечню согласно приложению 2 к настоящему решению.
3. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на руководителя коммунального государственного учреждения «Аппарат акима Казалинского района» Р.Тлеп.
4. Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким Казалинского района

А. Есмаханов

«СОГЛАСОВАНО»

Территориальной избирательной комиссией Казалинского района
21.05.2026 год

Приложение 1 к решению
акима Казалинского района от 21 мая 2026 года №3

Избирательные участки по Казалинскому району

№	Административная территория	Номер и адрес избирательного участка	Границы
1	сельский округ Аранды	Избирательный участок №72 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 97» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ Аранды, село Аранды, улица Нуртаза Казакбайұлы №2-А	село Аранды сельского округа Аранды.
2	сельский округ Аранды	Избирательный участок №73 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 25» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ Аранды, село Кожабақы, улица Бейбитшилик №7	село Кожабақы сельского округа Аранды.
3	сельский округ Кумжиек	Избирательный участок №81 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 92 имени К. Кулетова» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ Кумжиек, село Кашакбай Пиримова, улица Турекул Акжигитова №67 А	село Кашакбай Пиримова, скотоводческие поселения в Каракумах: Майлыбай, Медирет, Бармас, Каракула, Асуқара, Ақжан, Жаубасар, Нарымбет, Коккоз, Кожаказған, Айтимбет, Дастирел, Кияктыбас, Аккудық, Скотоводческие поселения в Кызылкумах: Баймен, Мадениет, Утебас, Лаубай, Ақтамшық, Коне Кумжиек, Каратубек, Балыкшы, Кошкарбек, Атымтай, Мортық, населенный пункт Тапа, участки Карагайлы, Аралмола, Тапа-1, Тапа-2, Киикши-1, Киикши-2, Итишпес, Торткудық, Картели, Акай-1, Акай-2, Орысбай, Жанкеш и скотоводческое поселение Каскырсоккан сельского округа Кумжиек.

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Ауыл-аймақты аралап, арнайы көлігімен елді мекендердегі мал қораларын түгелдей бақылап, қан сына-маларын алып, түрлі ауруларға қарсы вакцина егетін ветеринар мамандардың еңбегі көзге көріне бермегенімен, ауыл шаруашылығы мен халықтың қауіпсіздігі үшін маңызы зор.

Қолға ұстаған көк чомоданы мен қажетті құрал-жабдықтарын арқалап, күннің ыстығы мен суығына қарамастан еңбек етіп жүрген ветеринар мамандардың басты міндеті – мал ауруларының алдын алу, жұқпалы індеттердің таралуына жол бермеу және адам мен жануарға ортақ аурулардан сақтандыру.

Осы орайда мемлекет тарапынан ветеринария саласына көрсетіліп отырған қолдаудың маңызы ерекше. Ауыл шаруашылығы жануарларының аса қауіпті жұқпалы ауруларының алдын алу және адам мен жануарға ортақ індеттердің таралуына жолбермеу мақсатында республикалық бюджет қаражаты есебінен 11 түрлі аса қауіпті жұқпалы ауруға қарсы вакцина егу және 2 түрлі ауруға диагностикалық зерттеулер жүргізу жұмыстары қаржыландырылып келеді. Бұл – елдегі ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің

маңызды тетігі.

Аталған жұмыстар арнайы бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылып, Қазалы ауданында бұл міндетті «Қызылорда облысының ветеринария басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қазалы аудандық ветеринариялық станциясы» мемлекеттік коммунаалдык кәсіпорны атқарып келеді.

2026 жылдың 8 айында аудан көлемінде ауыл шаруашылығы жануарларының аса қауіпті 11 түрлі жұқпалы ауруының алдын алу және 2 түрлі ауруға диагностикалық жұмыстар жүргізілуде.

Жыл басынан бері құтыру ауруына қарсы 2 мың бас ірі қараға, 3 мың бас уақ малға, 2 мың жылқыға, 500 түйеге және 500 итке вакцина егілді.

Аусыл ауруына қарсы 64 мың бас ірі қара мен 135 мың бас уақ мал вакцинациядан өткізілді. Сібір жарасының алдын алу мақсатында 29 мың ірі қараға, 61,5 мың уақ малға, 20 мың жылқыға және 3 мың түйеге вакцина егілді.

Сонымен қатар, эхинококкоз ауруының алдын алу үшін 1 мың етқоректі жануарға ветеринариялық препарат берілді. Құл ауруына қарсы 75 мың уақ мал, пастереллезге қарсы 30 мың ірі қара және 60 мың уақ мал қамтылды. Вирусты диарея мен инфекциялық ринотрахеитке қарсы 15 мың ірі

қараға, түйе обасына қарсы 12,5 мың түйеге, нодулярлы дерматитке қарсы 15 мың ірі қараға және қарасан ауруына қарсы 22 мың ірі қараға вакцина егілді.

Туберкулез ауруын ерте анықтау мақсатында 8 мың бас ірі қара аллергиялық тексеруден өткізілді. Бұдан бөлек, облыстық бюджет қаражаты есебінен ауданның ауыл шаруашылығы жануарлары арасында кездесетін 6 түрлі энзоотиялық аурудың алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Пироплазмозға қарсы 6,5 мың бас ірі қара өңделсе, 39 мың уақ мал фасциолезге қарсы профилактикалық шаралармен қамтылды. Сонымен бірге 15 мың жылқы гастрофиллезге және 15 мың жылқы сақау ауруына қарсы екпеден өткізілді.

Бруцеллезге қарсы бақылау күшейтілді.

Адам мен малға ортақ аса қауіпті аурулардың бірі – бруцеллез. Оның алдын алу мақсатында аудан көлемінде жоспарлы диагностикалық жұмыстар жүргізілуде.

Жыл басынан бері 36 мың бас ірі қарадан, 70 мың бас уақ малдан және 6 мың түйеден қан сарысуы алынып, зертханалық тексеруге жолданды. Зерттеу нәтижелері бойынша ауруға күдікті жағдайлар анықталған жоқ.

Бұл жұмыстар мал басының саулығын бақылаумен қатар, тұрғындардың денсаулығын қорғауға

да бағытталған.

Мал басын бірдейлендіру – нақты есептің негізі.

Ветеринария саласындағы маңызды бағыттардың бірі – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру. Бұл жұмыс малдың нақты есебін жүргізуге, олардың қозғалысын бақылауға және ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2026 жылдың 8 айына белгіленген жоспарға сәйкес 11,5 мың бас ірі қара, 28 мың бас уақ мал, 8 мың бас жылқы және 2 мың бас түйе бірдейлендірілді.

Сонымен қатар, қорадағы нақты мал саны мен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ақпараттық жүйесіндегі мәліметтерді сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуде.

Ветеринариялық қызмет – ауыл қауіпсіздігінің кепілі.

Ветеринар мамандардың жұмысы тек вакцина егу немесе қан сынамасын алумен шектелмейді. Күнделікті қызмет барысында малды бірдейлендіру, ветеринариялық анықтамалар беру, жануарларды тасымалдау құжаттарын рәсімдеу, аурудың алдын алу, диагностика жүргізу және басқа да көптеген жұмыстар атқарылады.

Жыл басынан бері аудан тұрғындарының өтініштері негізінде ауыл шаруашылығы

жануарларын тасымалдауға 2474 дана форма-1 және 18 дана форма-2 ветеринариялық анықтамасы берілді.

Қорыта айтқанда, ветеринар мамандардың көзге көрінбейтін күнделікті еңбегінің артында ауданның энзоотиялық тұрақтылығы, мал шаруашылығының қауіпсіздігі және тұрғындардың амандығы тұр.

Бүгінде көк чомоданы арқалап, ауыл-ауылды аралап жүрген әрбір ветеринар маманның еңбегі – аурудың алдын алуға бағытталған маңызды қадам. Ал, осы ауқымды жұмыстың жүйелі жүргізілуіне мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдаудың маңызы зор.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен аса қауіпті 11 түрлі жұқпалы ауруға қарсы вакцина егу және диагностикалық зерттеулер жүргізілуі – мал шаруашылығын сақтауға ғана емес, халықтың денсаулығы мен елдің ветеринариялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нақты мемлекеттік қолдаудың көрінісі. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды – үздіксіз жүргізілуі – ауылдың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы үшін аса маңызды.

ҚР АШМ ВБЖҚК-нің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы

«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ МЕН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мекеменің атауы	Аты-жөні	Атқаратын қызметі	Сенім телефоны	Азаматтарды қабылдау күні
«Қазалы ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Бөріқұлақов Ақтілеу Талайлыұлы	Бөлім басшысы	8724(38)79-2-80 /6940/	Әр аптаның Сейсенбі, жұма күндері

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11707 дана.